

Тлесова А.Б.¹, Примбетова С.Ч.², Бимендиева Л.А.³

¹Ә.ғ.к., доцент, e-mail: aigultlesova@mail.ru

²Ә.ғ.к., доцент, e-mail: bal_01_01@mail.ru

М. Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Орал қ.

³Ә.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abdrashovnaleila@gmail.com

**МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ РЕТТЕУДІҢ
ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**

Мақаланың мақсаты мемлекеттік сатып алуды реттеудің шетелдік тәжірибелерін қарастырып, оның тиімді жақтарын еліміздің мемлекеттік сатып алулар жүйесін дамыту бағытында қолдануды зерделеу болып табылады. Мемлекеттік сатып алуды кез келген елдің экономикалық даму деңгейіне әсер ететін қуатты фактор екендігін көруімізге болады. Шетелдердегі мемлекеттік сатып алу экономиканың түрлі салаларының дамуын қамтамасыз етеді, жергілікті тауар өндірушілердің инновациялық өнімдерін қолдау бағдарламаларын және белгілі бір әлеуметтік процестердің жүзеге асырылуын қамтиды. Авторлар шетелдердегі мемлекеттік сатып алуларды экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық жүйесінің элементтерін қолдаудың, азық-түлік нарығын реттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырады. Сонымен қатар тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды бөліп көрсеткен. Тақырыпты зерттеу барысында экономикалық жағдайларды зерттеуде қолданылатын экономикалық әдістер пайдаланылды. Зерттеудің теориялық маңызы мемлекеттік сатып алуды реттеудің шетелдік тәжірибелерін зерделеу, оның тиімді жақтарын еліміздің мемлекеттік сатып алулар жүйесіне енгізуді қарастыруды көздейді. Мемлекеттік сатып алуды реттеудің шетелдік тәжірибелерін экономикалық мамандығы бойынша оқитын білім алушыларға сабақ барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік тапсырыс, мемлекет, тұрақты мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қолдау.

Tlessova A.B.¹, Primbetova S.Ch.², Bimendiyeva L.A.³

¹c.e.s., Associate Professor, e-mail: aigultlesova@mail.ru

²c.e.s., Associate Professor, e-mail: bal_01_01@mail.ru

West Kazakhstan State University named after M. Utemisov, Kazakhstan, Oral

³c.e.s., Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University,

Kazakhstan, Almaty, e-mail: abdrashovnaleila@gmail.com

Foreign experience of regulation of public procurement

The purpose of this article is to review and study the foreign experience of regulation of public procurement, the use of effective parties in the development of public procurement in our country. Public procurement is a powerful factor affecting the level of economic development of any country. Public procurement abroad contributes to the development of various sectors of the economy, stimulate innovative programs, support the products of local producers, ensure the implementation of some social processes. Foreign public procurement system is considered by the authors as one of the main elements of the system of support of economic and social stability, as well as a tool for regulating the food market. The factors promoting and hindering the implementation of sustainable public procurement are also highlighted. The study used General methods of studying economic phenomena. The theoretical significance of the study is to study the foreign experience of regulation of public procurement and the introduction of its effective sides in the public procurement system of the country. Foreign experience in the regulation of public procurement can be used in the process of training for students of economic specialties.

Key words: public procurement, state order, state, sustainable public procurement, state regulation.

Тлесова А.Б.¹, Примбетова С.Ч.², Бимендиева Л.А.³

¹к.э.н., доцент, e-mail: aigultlesova@mail.ru

²к.э.н., доцент, e-mail: bal_01_01@mail.ru

Западно-Казахстанский государственный университет имени М. Утемисова, Казахстан, г. Уральск

³к.э.н., доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: abdrashovnaleila@gmail.com

Зарубежный опыт регулирования государственных закупок

Целью статьи является рассмотрение и изучение зарубежной практики регулирования государственных закупок, применение его эффективных сторон в развитии системы государственных закупок нашей страны. Государственные закупки являются мощным фактором, влияющим на уровень экономического развития любой страны. Государственные закупки за рубежом способствуют развитию различных сфер экономики, поощряют инновационные программы, поддерживают продукцию местных товаропроизводителей и обеспечивают реализацию некоторых социальных процессов. Авторы рассматривают зарубежную систему государственных закупок как один из основных элементов системы поддержки экономической и социальной стабильности, и инструментов регулирования продовольственного рынка. Также выделены факторы, способствующие и препятствующие внедрению устойчивых государственных закупок. В процессе исследования темы использованы экономические методы, применяющиеся при изучении экономических явлений. Теоретическая значимость исследования заключается в изучении зарубежного опыта регулирования государственных закупок и внедрении его эффективных сторон в систему государственных закупок страны. Зарубежный опыт регулирования государственных закупок можно использовать в процессе занятий для обучающихся экономических специальностей.

Ключевые слова: государственные закупки, государственный заказ, государство, устойчивые государственные закупки, государственное регулирование.

Кіріспе

Мемлекеттік сатып алу саласы – бұл өте қатаң реттелетін құқықтық базаны талап ететін мемлекеттік қызметтің өте күрделі және маңызды саласы. Осы жылдары экономикалық органдың өзгеріп отырған факторларын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу саласын басқару мен ұйымдастырудың тәжірибесі негізінде әзірленген нормативтік-құқықтық базаның, бағдарламалық құжаттарды жасау арқылы мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі дамытудың негізгі бағыттары мен болашағын анықтаудың қажеттілігі пайда болды.

Алайда, басқа дамыған мемлекеттерге қарағанда Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда үкіметтік емес сектордың өткір әлеуметтік мәселелерді шешудегі үлесі белгісіз күйінде қалып отыр. Сонымен қатар елдің басым міндеттерінің бірі – азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру мәселесін шешу мемлекеттік сатып алу аясында әлеуметтік қызметтерді ұсынудың тиімді жүйесін құрусыз мүмкін емес. Мемлекеттік саясат тегін немесе мемлекет субсидиялайтын қызметтерді пайдаланушы азаматтардың таңдау еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылатын әлеуметтік қызметтер нарығын

кеңейтуге және оның сапасын арттыруға бағытталуы тиіс.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелерін қарастыруда мемлекеттік сатып алу процесінің барлық кезеңін реттейтін нормативтік құқықтық базаның әлі де кемшін тұстары кездесуде. Мемлекеттік сатып алу процесінде орын алған сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар, ықтимал өнім берушілердің өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы нашар хабардар болуы және олардың соларға қол жеткізуінің шектеулілігі, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сатып алу көлемінің ұлғаюы, мемлекеттік сатып алуға жұмсалатын бюджеттік қаражатты пайдаланудың мониторингі мен талдаудың автоматтандырылған жүйесінің жұмысын жетілдіру бағыттары қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі.

Осы жағдайларға орай, еліміздегі экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылатын мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің шет елдердегі жаңа бағыттары мен жолдарын қарастыру қазіргі кезде өзекті болып табылады.

Тақырыпты зерттеу өзектілігі бірқатар факторларға негізделген: мемлекеттік сатып алу аясында мемлекет қаржыландыратын

қызметтердің тізбесі мен көлемінің тұрақты өсу үрдісі; қазақстандық көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік сатып алу шеңберінде көрсетілетін қызметтер сапасын басқару арасындағы елеулі айырмашылық; мемлекеттік сатып алу аясында көрсетілетін қызметтер мен орындалатын қызметтердің ерекшеліктерін зерттеуге ғылыми жұртшылық назарының аздығы.

Тақырыпты зерттеу нысаны мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибелері.

Зерттеу пәні мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеу болып табылады.

Еліміздегі экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылатын мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің шет елдердегі жаңа бағыттары мен жолдарын қарастыру қазіргі кезде маңыздылығы жоғары мәселелердің қатарында.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеудің әдістемелік негізі ретінде монографиялық, салыстырмалы экономикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл зерттеу әдістері шет елдердегі мемлекеттік сатып алу саласын зерттеп, оның тиімді жақтарын еліміздің мемлекеттік сатып алулар жүйесіне енгізу жолдарын қарастыруды талап етеді. Мемлекеттік сатып алулардың шетелдік тәжірибелерінің өзіндік ерекшеліктерін зерттеуде талдау мен синтез әдістері қолданылды, оның негізінде мемлекеттік сатып алулардың шет елдердегі жалпы даму заңдылықтары қарастырылып, оларды жүзеге асыру бағыттары көрсетілді. Жалпылама экономикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторлар анықталып, талданды. Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып Қазақстанда мемлекеттік сатып алулардың тиімділігін жоғарылату бағыттары қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі уақытта бірқатар шет елдер ғылымында мемлекеттік сатып алу мәселелерін зерттеудің белгілі бір тәжірибесі жинақталған. И.А. Дубровин, Р. Харрисон, А. Кноррунг, Р.В. Колядин еңбектерінде мемлекеттік сатып алуларды басқару мәселелері қаралса, А.С. Полещук, А.А. Гончаров, Е.А. өз зерттеулерін сатып алу жүйесіндегі тәуекелдерді бөлу тетіктері мен олардың тиімділігін жетілдіруге бағыттаған.

М.А. Огневая, О.А. Федотов еңбектерінде мемлекеттік тапсырыстың экономика салаларындағы әртүрлі мәселелері зерттелген.

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу саласындағы мәселелерді зерттеуге А.Б. Айдарова, С.Б. Жанұзақова, Е.Б. Жатқанбаев, Ж.Ш. Кенжалина және т.б. авторлар өз еңбектерін арнады. Олар негізінен, мемлекеттік сатып алу процесінде орын алған сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар, ықтимал өнім берушілердің өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы нашар хабардар болуы және олардың соларға қол жеткізуінің шектеулілігі, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сатып алу көлемінің ұлғаюы, мемлекеттік сатып алуға жұмсалатын бюджеттік қаражатты пайдаланудың мониторингі мен талдаудың автоматтандырылған жүйесінің жұмысын жетілдіру бағыттарын қарастырған. Алайда, мемлекеттік сатып алу экономиканы мемлекеттік реттеу құралы ретінде әлі де жан-жақты зерделемеген.

Осыған орай, біз мемлекеттік сатып алуды тұрақты дамыту үшін қажетті экологиялық таза өнімдерді өндіруді ынталандыру, ресурстарды қайта пайдалану, шағын кәсіпкерлікті қолдау, адал сауда-саттықты көтермелеу сияқты іс-шараларды жүзеге асыру бағыттарын қарастырып, еліміздің экономикасын дамытуға ықпал етеді деген қорытынды жасадық.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекеттік сатып алу Қазақстан экономикасын мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады және экономикадағы сұранысқа әсер ете отырып, еліміздегі өндірістің ұлғаюы мен жандануына ықпал етеді. Мемлекеттік сатып алу аясында әлеуметтік қызметтерді ұсынудың тиімді жүйесі де қалыптасты. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясат тегін немесе мемлекет субсидиялайтын қызметтерді пайдаланушы азаматтардың таңдау еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылатын әлеуметтік қызметтер нарығын кеңейтуге және оның сапасын арттыруға бағытталуда.

Алайда, басқа дамыған мемлекеттерге қарағанда Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүзеге асыруда үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өткір әлеуметтік мәселелерді шешудегі үлесі белгісіз күйінде қалып отыр. Сонымен қатар елдің басым міндеттерінің бірі – азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын

арттыру мәселесін шешу мемлекеттік сатып алу аясында әлеуметтік қызметтерді ұсынудың тиімді жүйесін құрусыз мүмкін емес.

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін халықаралық тәжірибені зерделеу пайдалы болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибелер мемлекеттік сатып алуды кез келген елдің экономикалық даму деңгейін әсер ететін қуатты фактор екендігін көрсетеді.

Дамыған елдерде мемлекеттік сатып алулар, ұлттық ерекшеліктері мен қоғамдық тәртіпті және олардың өзара іс-қимыл тетігіндегі, қаржыландыру жүйесіндегі құрылымдық элементтерінің түрлі ерекшеліктері мен айырмашылықтарына қарамастан, кеңінен экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық жүйесінің элементтерін қолдаудың, азық-түлік нарығын реттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде қолданылады, және экономикалық өсуді тұрақты қамтамасыз етуге ықпал етеді (Каранатова, 2014: 244).

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік сатып алу мейлінше дамыған елі болып Америка Құрама Штаттары (АҚШ) болып есептеледі. Шаруашылық жүргізудің осы формасы арқылы АҚШ-та өнеркәсіптің электрондық, аэрокосмостық, атомдық және т.б. салалары пайда болып, дами бастады.

1. АҚШ-та, федералдық үкіметтің сатып алуды реттеу туралы бірінші заңы 1792 жылы қабылданды. АҚШ заңнамасына сәйкес федералдық биліктің сатып алуы (конкурстық іріктеу және шарттар жасасу негізінде жүргізіледі) тауарлар немесе жұмыстар (құрылыс индустриясы қоса алғанда) бойынша федералдық емес қаржы көздерінен бөлінетін қаражатты пайдалану есебінен жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алудың құқықтық қамтамасыз етілуі және мемлекеттік сатып алу жүйесінің шарттарын қалыптастыру үрдістеріне АҚШ Президенті Әкімшілік-бюджеттік басқармасының Федералдық сатып алу саясатының департаменті жауапты. Мемлекеттік сатып алу саясатын реттейтін заңнамалармен қатар, ол федералдық сатып алу ережесіне енгізілетін нұсқаулықтарды жариялайды (Michelsen et al., 2009: 160).

Бүгінгі таңда бұл елде бірегей мемлекеттік компания – Федералдық Келісім Жүйесі (ФКС) құрылды, оның ажырамас бөлігі мемлекеттік келісімшарттар немесе мемлекеттік тапсырыстар. ФКС АҚШ-тың екі деңгейлі нормативтік-құқықтық актілер деңгейімен реттеледі. Бірінші деңгейде Құрама Штаттардың федералдық заңдар жүйесі қалыптасқан, ол жалпы сатып

алу процесіне өз әсерін тигізбейді, бірақ бұл мақсаттар үшін бюджет қаражатын сатып алу және жұмсау үшін мүмкіндіктер мен шарттарды анықтайды. Екінші деңгей сатып алу рәсімдерін реттеу, ұйымдастыру және бақылау саласындағы уәкілетті тиісті органдардың нормативтік актілері болып табылады. Осы ережелердің жиынтығы Федералдық сатып алу туралы Федеральды Регламент кодексінің 48-бөліміне енгізілген «Мемлекеттік контрактілер мен мүлкіті басқару» туралы Федералдық сатып алу туралы ереже болып табылады (Хасенова, 2013: 163).

Мемлекеттік нарық немесе «мемлекеттік мекемелер нарығы» мемлекеттік және жергілікті билік органдарының федералды үкіметтік ұйымдарынан тұрады, олар өздерінің тауарларды сатып алу немесе жалға беру функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды жалға берумен айналысады.

АҚШ-тың мемлекеттік сатып алудың ұлттық жүйесі мынадай жағдайлармен сипатталады:

- рәсімдерді қатаң реттеу, ведомствоаралық өзара іс-қимыл және бақылау жемқорлыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді;
- мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуді жоспарлау әдістерін кеңінен қолдану;
- бірыңғай әдістеме бойынша конкурстық сауда-саттық, стандартты келісімшарттар кітапханасын және сатып алынатын өнімнің нормативтік ерекшеліктерін (пайдалы қасиеттерін), деректер базасын пайдалану;
- келісімшарттардың орындалуын бақылаудың түрлі механизмдерін, нәтижелерді қабылдау және бағалау рәсімдерін, мемлекеттік (қоғамдық) қажеттіліктерді қамтамасыз етудің тиімділігін және өнімдерді қоғамдық жеткізуді басқару жүйесін талдау;
- шарттық жүйелерді басқарудың мамандандырылған ақпараттық ресурстары барлық шарттық процестердің және олардың нәтижелерінің қоғамдық ашықтығы мен жариялылығына қол жеткізу проблемаларын шешеді (Naija et al., 2012: 133–153).

Бүгінгі күні Еуропалық Одақ (ЕО) құрамына әртүрлі даму деңгейлері мен экономикалық қызметте мемлекеттің қатысу деңгейін қамтитын 28 мемлекет қамтылған, олардың бәрі осы экономикалық және саяси Еуропалық одақ аясында мемлекеттік сатып алу процесін заңнамалық реттеудің нақты ерекшелігін болжайды.

Еуропалық Одақта мемлекеттік сатып алуды заңнамалық реттеудің үш деңгейі – ұлттық деңгей, ЕО-ның өзі және Дүниежүзілік сауда ұйымымен тығыз байланысты халықаралық

деңгейдегі заңнама бар (Колышева, 2013: 104-108).

Еуропалық Одақта экономикалық дамудың үш қозғаушы факторын айқындайтын «Еуропа-2020» стратегиясы қабылданды:

1) инновациялар негізінде экономикалық даму;

2) төмен көміртекті, ресурс үнемдейтін және бәсекеге қабілетті экономиканың дамуына жәрдемдесу;

3) жоғары жұмысбастылыққы ықпал етуге жәрдемдесу.

Бұл мақсаттарға қол жеткізуде маңызды рөл мемлекеттік сатып алуларға жүктелген. Еуропалық Одақ тауарлар немесе қызметтерге (мысалы, қоршаған ортаға зиянын тигізетін энергияны пайдаланудың ең жоғары деңгейлері) және балама (мысалы, барлық сатып алудың 60% экологиялық таза болуы тиіс) міндетті талаптарды белгілеу қажеттілігін мойындады.

2014 жылдың ақпан айында Еуропалық Одақ заң шығару үдерісіне: «Мемлекеттік сатып алу туралы 2014/24 / ЕО директивасы», «Су, энергетика, көлік және пошта қызметтерінде сатып алу туралы 2014/25 / ЕС директивасы» және «Алдын ала біліктілікті талап ететін концессиялық шарттар жасасу туралы 2014/23 / ЕС директивасы» енгізді (The Impact of Sustainable Public Procurement, 2012).

ЕО елдерінде сатып алуды ұйымдастырудың екі үлгісі басым: орталықтандырылған және таратылған (орталықтандырылмаған). Таратылған моделін пайдаланған кезде, әрбір ұйымдық бірлік (министрліктер, ведомстволар, т.б.) өз бетінше қажетті мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Сатып алудың орталықтандырылған үлгісі бөлімшелерден өтініштер қабылдайтын арнайы сатып алу орталығын қалыптастыруды қарастырады. Сатып алу рәсімдерін максималды орталықтандыруды қамтамасыз ету жағдайында, мемлекеттік сатып алу үшін жауапты арнайы орган құрылады. Бөлу моделі мол шығынды қажет етеді, бірақ өте икемді; орталықтандырылған моделі ірі көтерме сатып алу есебінен неғұрлым төмен баға береді, және жеке сатып алу ерекшеліктерін әруақытта есепке ала бермейді. Ал сатып алу процедуралары мамандандырылған сатып алу құрылымдары (бөлімдер) арқылы жүзеге асырылады.

Еуропалық Одақтың ең дамыған елдерінің қатарында Германия мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруда үлкен тәжірибеге ие. Германияда жұмыс істейтін мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бақылау жүйесі, ЕО талаптарына сай,

бірақ құрамына белгілі бір ерекшеліктері бар екі инстанцияны қамтиды: апелляциялық – тәуелсіз мекемелер нысанында және сот – сот органының түрінде. Германия сотында мемлекеттік тапсырысты орналастыру дауларын қарастыру табысты инновацияға айналды. Екі жақтың да ұйғарымдары, қоғамдық игілікке жарияланады және мемлекеттік тапсырыстар мен сатып алуды дамыту және одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылады (Семенова, 2016: 465-469).

Германия заңнамасына сай, шаруашылық субъектісі ретінде жұмыс істейтін мемлекет экономиканың жеке секторының өкілдері үшін міндетті болып табылатын заңды және экономикалық принциптерді сақтауға міндетті деп белгіленген. Және нарық жағдайында, бәсекелі ортада әрекет етуі тиіс (Крадинов, 2013: 46-52).

Мемлекет алғашқыда арнайы өкілеттіктер, артықшылықтар мен бәсекелестікке ие болмай-ақ жеке меншік сектор өкілдерімен бәсекеге түседі, сонымен қатар солармен бірге нарықтағы өзгерістерді бақылайды, сондай-ақ тауарларды (қызметтерді) сатып алу бойынша тендерлер жариялап, өз қажеттіліктеріне нарықты хабардар етеді. Дауларды шешіп реттеудің негізі – азаматтық құқық болып табылады. Федералдық, өңірлік және жергілікті билік органдары, сондай-ақ оларға бағынысты мекемелер мен ұйымдар өз қызметінде бюджет заңымен басшылықты жүзеге асырады. Бюджетті басқарудың негізгі принциптері – қаражатты үнемдеу және теңгерімді бюджет принциптері. Осы ережелерді сақтау жыл сайын федерация мен аймақтардың есеп айырысу палаталары тарапынан тексеріледі (Мироненко, 2015: 184-188).

Австралия мен Жаңа Зеландия заңдарында мемлекеттік сатып алуларды реттейтін арнайы заңдар жоқ. Сонымен қатар, осы елдерде мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырудың конкурстық әдістері кеңінен қолданылады, олар атқарушы және әкімшілік органдардың бағынышты нормативтік құжаттарымен реттеледі. Бұл жағдайда мемлекеттер мен аумақтар мемлекеттік сатып алудың жалпы мемлекеттік саясатының аясында айтарлықтай автономияны пайдаланады. Мемлекеттік шығыстарды қаржылық бақылау Қазынашылық (Қаржы министрлігі) арқылы қолданыстағы заңнама негізінде жүзеге асырылады. Австралия мен Жаңа Зеландия белгіленген аймақтық электрондық жүйе негізінде мемлекеттік сатып алудың ақпараттық ашықтығына қол жеткізудің стратегиялық мақсаты деп санайды (Snider et al., 2008: 310-333).

Халықаралық қаржы институттарының (ХҚИ) ең ірі халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың мақсаты әлемнің түрлі елдерінде немесе аймақтарында экономиканың жекелеген секторларын дамытуда сатып алу тәжірибесі айтарлықтай қызығушылық танытады. ХҚИ мүшелерінің, сондай-ақ бизнес журналдары арқылы алынған – әдетте, ресурстарды қамтамасыз ету несиелендіру принциптері жүзеге асырылады, яғни, қайтару төлем болып табылады) елеулі қаражат жинақтауға, ал негізгі халықаралық коммерциялық және коммерциялық емес жобаларды жүзеге асыру.

Мемлекеттерге тұрақты даму стратегиясын енгізудің ең тиімді механизмдерінің бірі мемлекеттік сатып алу болып табылады. Мемлекет нарықтағы ең ірі сатып алушы болып, саяси ерік-жігер мен билікке ие бола отырып, мемлекеттік сатып алулар арқылы өндірушілер мен тұтынушыларға әсер етіп, орнықты өндіріс пен тұтынуға ықпал етеді.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі бірқатар елдер тәжірибеде мемлекеттік сатып алуды тұрақты түрде қолдана отырып, экологиялық таза өнімдерді өндіруді ынталандыру, ресурстарды қайта пайдалану, шағын кәсіпкерлікті қолдау, ұлттық және этникалық азшылықтардың әлеуметтік әділдігін қамтамасыз ету, адал сауда-саттықты көтермелеу сияқты іс-шараларды жүзеге асырады. Осылайша, мемлекеттік сатып алу шынымен орнықты дамуға ықпал етеді (Шадрин и др., 2017: 149-172).

Шетел әдебиеттерінде тұрақты мемлекеттік сатып алуда «sustainable public procurement» термині қолданылады. Бізде пайдаланатын әдебиеттерде әлі мұндай термин белгіленген емес. Қазақ тіліне аударғанда «sustainable development» – тұрақты даму, «sustainable business» – тұрақты бизнес, кейде «sustainable public procurement» терминін тұрақты мемлекеттік сатып алу ретінде аударылады. Осы терминді Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (UNEP) (Тұрақты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша нұсқау, 2012) өзінің бағдарламалық құжаттарында, аналитикалық және әдістемелік материалдарында қолданады.

Болашақ ұрпақтардың әл-ауқатына, адамның мүмкіндіктерін сақтауға және жетілдіруге алаңдаушылық тұрақты дамудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік сатып алулар тұрақты дамуға көшудің ең тиімді механизмдерінің бірі бола

алады. Өйткені, мемлекеттік сатып алуға бюджет қаражатының үлкен үлесі жұмсалады. Еуропалық комиссияның бағалауынша, Еуропа елдерінде мемлекеттік сатып алуға жұмсалған шығындар құны жалпы ішкі өнімнің (Public Procurement Indicators, 2015) 13,67% құрайды (Sustainable Public Procurement, 2015).

Халықаралық тұрақты даму институтының деректері бойынша, ЭЫДҰ елдерінде тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік бюджеттің 45%-дан 65%-ға дейін жетеді, бұл ЖІӨ-нің 12-17% құрайды (Procurement&Public-PrivatePartnerships). Осылайша, мемлекеттік сатып алу бюджеттің маңызды бөлігін құрайды. Елдегі ең ірі сатып алушы бола отырып, билік органдары өндіріс шарттарына және жеткізушілерге қойылатын талаптарды белгілей алады, сұранысты қалыптастырады, нарыққа және өндірушілерге әсер етеді.

Бұл мүмкіндік мемлекеттік сатып алуды жеке өндірістерді дамытуға, шағын бизнесті қолдауға, инновацияларды ынталандыруға, энергияны үнемдейтін және экологиялық таза өнімдерді шығаруға арналған бағалы механизм болып табылады.

Тұрақты мемлекеттік сатып алу (ТМС) экономикалық тиімділік, әлеуметтік әділеттілік және экологиялық қауіпсіздік сияқты тұрақты даму қағидаттарын іске асыратын сатып алуды білдіреді.

Тұрақты мемлекеттік сатып алуды іске асырудағы бастамашылық және әдістемелік көмек тұрақты мемлекеттік сатып алудың халықаралық және ұлттық бағдарламаларына тән, оның негізгі мақсаты тұрақты сатып алуды жүзеге асыру стратегиясын, тетіктері мен әдістерін әзірлеу болып табылады, елдерге тұрақты мемлекеттік сатып алудың құқықтық негіздерін құруға және оларды жүзеге асыруға көмектеседі.

UNEP (Sustainable Public Procurement: A Global Review Final Report, 2015) деректері бойынша 2014 жылы 56 елде Тұрақты мемлекеттік сатып алу туралы бір немесе бірнеше нысанда қабылданған ұлттық бағдарлама болған. Тұрақты мемлекеттік сатып (ТМС) алудың дамуына ең үлкен үлес қосқан ЭЫДҰ-ға мүше елдер, соның ішінде ЕО елдері, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және Жапония (Смотрицкая, 2016: 21-31).

БРИКС елдерінің арасында құқықтық реттеу қалыптасқан және Қытайда, Бразилияда және Үндістанда тұрақты мемлекеттік сатып алуды

енгізу басталды. ТМС пайдаланудағы табысты тәжірибе Уганда, Чили, Мексика, Аргентина, Мароккода бар. 2014 жылы UNEP қолдауымен Беларусь, Украина және Молдова елдерінде ТМС бағдарламаларын іске қосуда алғашқы қадамдар жасалды.

ТМС бойынша бірінші халықаралық бағдарламалардың бірі Швейцария үкіметінің басшылығымен жеке бастама ретінде құрылған тұрақты сатып алулар бойынша Марракеш жұмыс тобы (The Marrakech Task Force on SPP) болды. Марракеш тобының мақсаты дамыған және дамушы елдердің әлеуеттерін арттыру мақсатында ТМС пайдалану үшін мүмкіндіктерді құру және ТМС құралдарын әзірлеу арқылы ТМС пайдалануына көмек көрсету болды.

Он жыл бойы бұл бағдарлама UNEP саясатының негізін қалаған тұрақты өндіріс, тұтыну және сатып алу үшін құралдар дайындады. Осы жұмыс тобының мүшелері Ұлыбритания, Қытай, Бразилия, Аргентина және Норвегия болды.

Басқа халықаралық бағдарлама – «Халықаралық жасыл сатып алулар желісі» (The International Green Purchasing Network – IGPN) болып табылады. Бұл тұрақты сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік және жеке ұйымдардың халықаралық желісі. Токиодағы бұл ұйымның мақсаты тұрақты сатып алулар саласында жұмыс істейтін ұйымдардың, билік органдарының, ҰЕҰ-лардың пікір алмасуы мен ынтымақтастығын қамтамасыз ету.

IGPN қызметінің негізгі бағыттары – бұл ғылыми зерттеулер, консультациялар, тренингтер, құрал-саймандарды жасау және ТМС іске асыру бойынша басшылық жасау. Бұл желінің қатысушылары Жапония, Үндістан, Қытай, Малайзия, Таиланд, Корея, Вьетнам, Жаңа Зеландия, Гонконг, Сингапур, Тайвань, Индонезия және Филиппин (Хасенова, 2013: 163).

ТМС-тің тағы екі маңызды бағдарламасы, «Жасылды сатып ал» («Buy it Green» – Network) және Прокура+ («Procura+ Campaign»), олар «Жергілікті қоғамдастықтар орнықты даму үшін» (The Local Governments for Sustainability – ICLEI), (Procura+ Campaign) халықаралық ассоциациясы шеңберінде ұйымдастырылады. Оның қатысушылары 475 ұлттық және аймақтық мемлекеттік ұйымдар. Бағдарламалардың мақсаты Еуропалық елдерде ТМС-ты іске асыру бастамаларын үйлестіру, сондай-ақ ТМС-ты қолдануда көрші елдердің мемлекеттік сатып алушыларына көмек көрсету болып табылады.

Солтүстік Америкада елдерінде, Солтүстік Америкадағы Green Purchasing Initiative (NAGPI)

Канадаға бағытталған, тұрақты сатып алу идеясын насихаттайды. Бастама жасыл сатып алуды қолдайды, өндірушілерді, сатып алушыларды, саясаткерлерді, бұқаралық ақпарат құралдарын және жұртшылықты қоршаған ортаға зиян келтірмейтін өнімдерді өндіруге және ақылға қонымды тұтынуға біріктіреді, ТМС құралдары мен стратегияларын қолдауға арналған деректер базасын әзірлейді және жүргізеді және тұрақты сатып алу бойынша зерттеулер жүргізеді.

Халықаралық бағдарламалардың күш-жігеріне қарамастан, іс жүзінде ТМС енгізу түрлі елдерде әртүрлі жолдармен – әртүрлі секторларда және әртүрлі формада жүзеге асырылады. Мәселен, кейбір елдерде ТМС саясатының қолданылуы ұлттық ресурстарды тұтыну мәселесін шешуге бағытталған.

Мысалы, Бразилия мен Германияда нормативтік актілер сертификатталған ағаш өнімдерін пайдалануды және қоршаған ортаны қорғау белгілерін қолдануды реттейді. Біріккен Корольдіктер, Австрия, Мексика, Бразилия және басқа да көптеген ЕО мүшелері энергия тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін сатып алу стратегияларын қабылдады. Нәтижесінде осы мемлекеттердің мысалдары негізінде басқа елдердің сатып алу саясатында стандарттар қабылданып, ұқсас ережелер пайда болды.

ТМС-тің тағы бір бағыты – қайта өңдеуден дайындалған тауарларды, контейнерлерді және қайта пайдалануға болатын орауыштарды, қайта пайдалануға немесе қайта өңдеуге жарамды қаптамаларды сатып алу болып табылады. ТМС-тің бұл бағыты ЕО, АҚШ, Австралия, Бразилия және Оңтүстік Африкада кеңінен қолданылады.

ТМС-ті пайдаланудағы бағыттарының қатарында – шағын бизнес, ҰЕҰ-ларды қолдау, үйдегі кәсіптің дамуы, әйелдер жұмыс істейтін кәсіпорындар, мүгедектер және қара нәсілді адамдардың жұмысқа орналасуына қолдау көрсету секілді әлеуметтік мәселелерді шешу де бар. ТМС-тің бұл бағыты тек еуропалық елдерде ғана емес, сондай-ақ Африканың және Оңтүстік Американың жеке дамушы елдерінде де дамып келеді. Канаданың сатып алу саясатына кемсітпеушілікке жол бермеу және сатып алуды байырғы тұрғындардың қамтамасыз етуі жөніндегі баптары кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде экономикалық, әлеуметтік және саяси дамудың әртүрлі деңгейлері бар. Осыған байланысты көптеген дамушы елдер үшін мемлекеттік сатып-алудың тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі міндеті мен маңызды критерийі сыбайлас жемқорлықты

азайту, ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз ету болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық, жеке бизнес құқығын қорғау мәселелерін шешу үшін, сондай-ақ мемлекеттің ақша ағынының жеке қажеттіліктерге жұмсалып кетпеуі үшін, мемлекеттерде тәуелсіз бақылау органдарының, соның ішінде тиісті институционалдық, заңдылықты қамтамасыз етудің қатаң жүйесі қалыптасуы керек. Кедендік қызметтердің нақты қызметтері белгіленуі тиіс, жеке бизнес жүйесінің құқықтарын қорғау жүйесі мен мемлекеттік сатып алу бойынша есептілік пен ашықтық жүйесі, сондай-ақ азаматтарға білім беру мен қоғамды хабардар ету үшін жүйесі құрылған болуы қажет.

Гана, Мозамбик, Танзания, Кения, Замбия, Камерун, сондай-ақ кейбір елдерде, осы проблемаларды шешу мемлекеттік сатып алулар жүйесінің және қоғамның жұмыс істеуі үшін ең маңызды және қажетті шарты болып табылады. Дүниежүзілік банк, ЕҚДБ, Африкалық даму банкі сияқты Халықаралық ұйымдар мен донорлық агенттіктер, осы мәселелерді шешуде осы елдерге көп көмек көрсетуде. Бұл елдердегі сатып алу жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін ашықтық, коррупцияның болмауы сияқты мәселелерді шешу ең маңызды шарты болып табылады.

Әр түрлі елдерде ТМС енгізу туралы UNEP зерттеулері көптеген жағдайларда (63%) елдерде сатып алуда экологиялық, әлеуметтік және экономикалық талаптардың үйлесімі бар екенін көрсетті. ТМС елдерінің әлдеқайда аз бөлігі тек қоғамдық аспектіні (18%) немесе әлеуметтік және экологиялық аспектілерді ескереді (13%) (Иванов, 2015: 118-123).

Тәжірибе жүзінде ТМС-ті қолдануға немесе енгізуге қарсы қандай факторлар кедергі келтіретіні анықталған.

ТМС-ті қолдануға ықпал ететін факторлар: экологиялық талаптарды қалай қалыптастыру және ТМС-ті енгізу жолдары туралы білімдердің болуы; ТМС-тің іске асуының флагманы бола алатын күшті көшбасшының болуы; құқықтық және мемлекеттік қолдаудың болуы, сондай-ақ стратегия, айқын жоспарлау және мақсаттарды қою; бизнесті және ҮЕҰ мемлекеттік сатып алуларына тарту; мемлекеттік тапсырыс берушілерді нақты проблемаларды шешуде сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету; Елдер мен халықаралық ұйымдар деңгейінде ТМС туралы тәжірибе алмасу үшін ұлттық стратегиялар мен жоспарларды әзірлеу және жүзеге асыру.

ТМС-ке кедергі келтіретін факторларға мыналар жатады: бюджеттік шектеулер; сатып алушылар мен жеткізушілердің біліктілігінің болмауы; нарықтық мүмкіндіктер мен өнімге қойылатын талаптар туралы ақпараттың болмауы; жоғарғы басшылық тарапынан қолдаудың жоқтығы, айқын басшылықтың жоқтығы; заңды мәселенің болуы – көптеген тұтынушылар ТМС-ті пайдалану заңға қайшы келеді деп санайды.

UNEP сарапшылары басқа да кедергілерді анықтады: тұрақты өнімнің мәнін түсінбеуі; баға көбінесе өтінімдерді іріктеудің негізгі критерийі болып табылады; тұрақтылық талаптарына сәйкес келетін тауарлар мен қызметтердің жеткіліксіз жеткізілуі; мемлекеттік сатып алудың жалпы жүйесі ТМС енгізуге дайын емес; ТМС бойынша сатып алынған өнімдердің сапасы туралы белгісіздік; ТМС-ті мониторингтеу пен аудиттің күрделілігі мен құнының жоғарылығы.

Мемлекеттік сатып алулар инновацияны ынталандыруы тиіс, «инновациялық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мемлекеттік қаражаттардың қайтарылуын барынша арттыруға, сондай-ақ жаңа идеяларды қалыптастыруға және оларды инновациялық тауарлар мен қызметтерге аудару тұрғысынан кеңірек экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жеңілдіктер алуға мүмкіндік береді, осылайша тұрақты дамуға ықпал етеді.

Қорытынды

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін шетелдік тәжірибені зерделеу – мемлекеттік тапсырыстар кез келген елдің экономикалық даму деңгейін әсер ететін қуатты фактор екендігін көрсетеді. Дамыған елдерде, мемлекеттік тапсырыстар, ұлттық ерекшеліктері мен қоғамдық тәртіпті және олардың өзара іс-қимыл тетігіндегі, қаржыландыру жүйесіндегі құрылымдық элементтерінің түрлі ерекшеліктері мен айырмашылықтарына қарамастан, кеңінен экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық жүйесінің элементтерін қолдаудың, азық-түлік нарығын реттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде қолданылады және экономикалық өсуді тұрақты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік сатып алулар тұрақты дамуға көшудің ең тиімді механизмдерінің бірі болады. Өйткені, мемлекеттік сатып алуға бюд-

жет қаражатының үлкен үлесі жұмсалады. Еуропалық комиссияның бағалауынша, Еуропа елдерінде мемлекеттік сатып алуға жұмсалған шығындар құны жалпы ішкі өнімнің 13,67% құрайды. Болашақ ұрпақтардың әл-ауқатына, адамның мүмкіндіктерін сақтауға және жетілдіруге алаңдаушылық тұрақты дамудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінде жұмыс істеу үшін оқыту, біліктілікті көтеру және аттестаттау жүйесін ұйымдастыру арқылы кадрлар даярлау керек. Болашақта мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының мемлекеттік пакеті мемлекеттік тиесілі акционерлік қоғамдарда мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың күшін қолдануға байланысты осы салада мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырысты енгізуді қолға алу керек.

Барлық процестердің ашықтығы арқылы сыбайлас жемқорлықты төмендету керек. Қазіргі кезде барлық сатып алудың 70-тен астам пайызға жуығы бір көзден жүзеге асырылады. Сондықтан осы үлесін азайту және бәсекеге қабілетті сатып алуды ұлғайту үшін сатып алушыларға қойылатын талаптарды жеңілдету керек. Оларды жеңілдету негізінде бәсекелестік ортаны құруға мүмкіндік ұлғаяды.

Жалпы алғанда, шетелдердегі тұрақты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тұжырымдамаларын қорытындылай келе, оның мынадай маңызды бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

– мемлекеттік және қоғамдық ғимараттарды салу мен күтіп ұстау кезінде теріс экологиялық салдарларды барынша азайту;

– мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыру;

– барлық сатып алушылар үшін шығындарды есепке алудың және тұрақтылықтың тиімді принциптерін басшылыққа ала отырып, инновацияларды және өндірісті дамыту нарығын ынталандыру;

– бизнеске және жұртшылық үшін үлгі болып, үкімет пен қоғамдық сектордың тұрақты мемлекеттік сатып алулар арқылы орнықты дамуға айтарлықтай үлес қосатынын көрсету.

Өз ерекшеліктеріне байланысты (сатып алудың үлкен көлемі, мемлекеттің биліктегі құзыреттері) мемлекеттік сатып алу тұрақты дамудың тетіктерінің бірі болып табылады. Экономикалық тиімділік, әлеуметтік қамсыздандыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін элементтерді біріктіру арқылы, мемлекет тарапынан сатып алу, тұрақты даму проблемаларын шешуге қомақты ықпалын тигізеді.

Осылайша, мемлекеттік сатып алудың шетелдік тәжірибесін зерделей келе, мемлекеттік сатып алу елдің экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асырады, соның ішінде, экономиканың түрлі салаларының дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді деп қорытындылауға болады.

Әдебиеттер

- Michelsen O., De Boer L. Green Procurement in Norway; a Survey of Practices at the Municipal and County Level // *Journal of Environmental Management*. – 2009. – vol. 91, pp. 160-167.
- Naija L., Warren G. Procurement for Sustainable Local Economic Development // *International Journal of Public Sector Management*. – 2012. – vol. 25, no. 2, pp. 133-153.
- Snider K., Rendon R. Public Procurement Policy: Implications for Theory and Practice // *Journal of Public Procurement*. – 2008. – vol. 8, no 3, pp. 310–333.
- Sustainable Public Procurement: A Global Review. Final Report. – UNEP. – 2013. [http://www.unep.org/resourceefficiency/Portals/24147/SPP_Full_Report_Dec2013_v2%20NEW%20\(2\).pdf](http://www.unep.org/resourceefficiency/Portals/24147/SPP_Full_Report_Dec2013_v2%20NEW%20(2).pdf)
- The Impact of Sustainable Public Procurement. – UNEP, Paris. – 2012. <http://www.unep.fr/scp/procurement/docsres/ProjectInfo/StudyonImpactsofSPP.pdf>
- Иванов В.А. Особенности государственного заказа // *Экономические стратегии*. – 2015. – № 4 (051), С. 118-123.
- Каранатова Л. Г. Формирование эффективного механизма управления государственными заказами: вопросы теории и практики. – Санкт-Петербург: СЗАГС. – 2014, 244 с.
- Колышева И. Б. Нормативно-правовое и информационное обеспечение государственных закупок: российские реалии и зарубежный опыт // *Вопросы теории и практики*. – 2013. – №1-2, С. 104-108.
- Крадинов П.Г. Система государственных закупок в ЕС и подходы к оценке ее эффективности // *Финансовый журнал*. – 2013. – № 3, С. 46-52.
- Мироненко А.С. Анализ современной системы государственных закупок // *Вестник КазНУ. Серия экономическая*. – 2015. – № 1, С. 184-188.
- Семенова Ф.З., Борлакова М.Б., Боташева Л.С. Зарубежный опыт организации государственных закупок // *Фундаментальные исследования*. – 2016. – № 6-2, С. 465-469.

Смотрицкая И. Государственная контрактная система: стратегические цели и приоритеты развития // Вестник института экономики Российской академии наук. – 2016. – № 5, С. 21-31.

Шадрина Е.В., Ромодина И.В. Государственные закупки для устойчивого развития: международный опыт // Вопросы государственного и муниципального управления. – 2017. – № 1, С. 149-172.

Хасенова К.К. Экономиканы мемлекеттік реттеу: оқу құралы. – Астана: «Тұран-Астана». – 2013, 163 б.

Мыңжасаров Е. Мемлекеттік сатып алудағы заңсыздыққа – тосқауыл <http://economics.kazgazeta.kz/>

References

Hasenova K.K. (2013) Jekonomikany memlekettik retteu [State regulation of the economy]. Astana: «Tyran-Astana», 163 p.

Ivanov V.A. (2015) Osobennosti gosudarstvennogo zakaza [Features of the state order]. Economic strategy, vol. 4 (051), pp. 118-123.

Kradinov P.G. (2013) Sistema gosudarstvennyh zakupok v ES i podhody k ocenke ee jeffektivnosti [Government procurement: System in the EU and approaches to assessing its effectiveness]. Financial journal, vol. 3, pp. 46-52.

Karanatova L. G. (2014) Formirovanie jeffektivnogo mehanizma upravlenija gosudarstvennymi zakazami: voprosy teorii i praktiki [Formation of an effective mechanism of government procurement management: theory and practice]. St.Petersburg: North-West Academy of Publ. Administration, 244 p.

Kolyshcheva I. B. (2013) Normativno-pravovoe i informacionnoe obespechenie gosudarstvennyh zakupok: rossijskie realii i zarubezhnyj opyt [Legal and information support of government procurement: Russian realities and foreign experience]. Issues of theory and practice, vol. 1-2, pp. 104-108.

Michelsen O., De Boer L. (2009) Green Procurement in Norway; a Survey of Practices at the Municipal and County Level. Journal of Environmental Management, vol. 91, pp. 160–167.

Mironenko A. S. (2015) Analiz sovremennoj sistemy gosudarstvennyh zakupok [The analysis of the current government procurement system]. Bulletin of KazNU, vol. 1, pp. 184-188.

Mynzhasarov E. (2016) Memlekettik satyp aludagy zansyzdykka toskauy [Obstacles to illegality in government procurement] economics.kazgazeta.kz.

Naija L., Warren G. (2012) Procurement for Sustainable Local Economic Development. International Journal of Public Sector Management, vol. 25, no. 2, pp. 133–153.

Semenova F.Z., Borlakova M.B., Botasheva L.S. (2016) Zarubezhnyj opyt organizacii gosudarstvennyh zakupok [Foreign experience in the organization of government procurement]. The fundamental researches, vol. 6-2, pp. 465-469.

Shadrina E.V., Romodina I.V. (2017) Gosudarstvennye zakupki dlja ustojchivogo razvitija: mezhdunarodnyj opyt [Government procurement for sustainable development: international experience]. Public administration issues, vol. 1, pp. 149-172.

Smotrickaja I. (2016) Gosudarstvennaja kontraktная sistema: strategicheskie celi i priority razvitija [State contract system: strategic goals and development priorities]. The Bulletin of the Institute of Economics of the Russian Academy of Sciences, vol. 5, pp. 21-31.

Snider K., Rendon R. (2008) Public Procurement Policy: Implications for Theory and Practice. Journal of Public Procurement, vol. 8, no 3, pp. 310–333.

Sustainable Public Procurement: A Global Review. Final Report (2013) UNEP [http://www.unep.org/resourceefficiency/Portals/24147/SPP_Full_Report_Dec2013_v2%20NEW%20\(2\).pdf](http://www.unep.org/resourceefficiency/Portals/24147/SPP_Full_Report_Dec2013_v2%20NEW%20(2).pdf)

The Impact of Sustainable Public Procurement. UNEP (2012) Paris <http://www.unep.fr/scp/procurement/docsres/ProjectInfo/StudyonImpactsofSPP.pdf>